

# Үй жануарлары

# Мақсатары

- Үй жануарлар және олардың адамға пайдасы туралы түсінік беру.
- Үй жануарлары туралы мағлұмат беру.
- Үй жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.

## Үй жануарлары (М.Дулатов)

■ “Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, оны арбаға, шанаға шегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қыста күні соғымға сояды, терісін сатып ақша қылады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызмет үшін адам асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташа қояды”.



# Жылқы деген жануар!

- Жылқы- ірі, өте дәмді жануар, жеті қазынаның бірі, киелі мал. Ол – кеуделі, күшті жануар. Жылқы өзін күткен адамға тез үйренеді, оны таниды. Дүние жүзінде 250-ден астам жылқы тұқымы бар. Жылқы етінен жал, жая, қазы, қарта, шұжық әзірленеді. Қымыз-биенін сүті өте шипалы сусын.





# Мақал-мәтел

- Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы.









# ТҮЙЕ-малдың қасқасы!

- ТҮЙЕ-төрт түліктің ішінде ең ірісі және ауыр салмақты жануарлардың бірі. Түйе күй талғамайды, басқа жануарлар жей алмайтын тікенекті, қатты өсімдіктермен қоректенеді, арқасына май жинайды, оны “өркеш” деп атайды. Шұбат-түйе сүті, өте шипалы сусын. Түенін еті, жүні, шұбаты адамға көп пайда әкеледі.





# Шұбат (Е.Елубай)

- Ішіп көрген шубатты
- Дәмен бірден ұнатты

Денсаулыққа пайдалы  
“Зәм-зәм” суы сияқты






# Сиыр

- Сиыр-кеуделі, айыр тұяқты, адам баласы алғаш рет қолға үйрете бастаған жануарлардың бірі.Сиырдың еті мен сүтінен өзге оның терісі де жақсы бағаланады.Былғарысынаң неше түрлі бұйымдар жасалып, киімдер тігіледі. Сиырдың сүтінен шалап, айран, қатық, құрт, қаймақ, ірімшік жасайды.





# Біз сиырды сауамыз





# Оның сүтінен неше түрлі тағамдар жасаймыз



[www.ZHARAR.com](http://www.ZHARAR.com)



# Қой

■ Қой – үй жануарлардың бірі. Қой еті дәмді әрі тамақтығы мол. Қой сүтінен май алынады, ірімшік, құрт жасалынады. Қой терісін илеп, өңдеп жылы сырт киім, тон, ішкі аяқ киім де тігеді. Алайда үй қойы беретін өнімнің ең құндысы – олардың жүні. Одан пима басып, кілем, киім, мата тоқиды.











# ЕШКІ

- ЕШКІ - өте тынымсыз, үй жануарлары. Ешкілердің терісі қалың, одан жоғары сапалы былғары дайындайды.







# ИТ-Үй жануары

- ИТ-қолға ең бірінші үйретілген жануар. Ол – адамның сенімді досы. Үнемі адамға қызмет етіп, үйін, малын, қорасын күзетеді. Иттің сезім мүшелері жақсы жетілген. Қазіргі кезде иттердің әр түрлі тұқымдары шығарылған.









# МЫСЫҚ-үй жануары

- Мысық бірнеше мың жыл қолға үйретілген. Қазыр де оны тышқаннан қорғану үшін ұстайды. Тұмсығындағы қылшық мұрты арқылы иісті сезеді. Мысық - өте таза жануар. Қазіргі кезде мысықтардын көп түрі бар.

















# Малдың баласын сүйі

(халық ауыз әдебиеті)

- Қой сүйеді баласын “қонырым” – деп,  
“Ештеңені білмейтін момыным!”-деп.
- Сиыр сүйеді баласын “торпағым” – деп,  
“Қараңғыда баспаған қорқағым!” – деп.
- Түйе сүйеді баласын “боташым” – деп,  
“Жаудыраған көзіңнен тоташым!” – деп.
- Ешкі сүйеді баласын “лағым” – деп,  
“Тастан-тасқа секірген шұнағым!” – деп.
- Жылқы сүйеді баласын “құлыным” – деп,  
“Тұлпар болып жүгірген жұлыным!” – деп.

## ЖҰМБАҚТАР

Жарысуға дайын, менің қасқа... (тайым)

Тастан тасқа секіріп, ұзын салпақ құлақты,

Қандай маза кетірген, кім біледі... (лақты)

Моп-момақан өзі, сүп-сүйкімді... (қозы)

Басында екі таяғы бар, төрт аяғы бар. (сиыр)

Жарға шығып ойнайды, ойынға бір тоймайды,

Болса дағы сақалы, секендеуді қоймайды. (ешкі)

Ұрлап ішіп үйде сүтті қоймайды,

Өз құйрығын өзі қуып ойнайды. (мысық)

Лағымның құлағы, селтиіп тұрады,

Қозы көрсе болғаны, оны тұра қуады. (ит)



Көңіл аударғандарыңызға рахмет!

